



Автор: Тенсел Харахат

Пән: Дүниежүзі тарихы

Сынып: 9-сынып

Бөлім: XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси дамуы

Тақырып: Неліктен М.Джинна мен М.Ганди Үндістанның тәуелсіздікке қол жеткізуі туралы әртүрлі көзқараста болды?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9 сыныптың дүниежүзі тарихы пәніне арналған ашық сабақ жоспары
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Үндістанның тәуелсіздік үшін күресі кезіндегі мемлекет пен діннің өзара қатынасын сипаттау Көбі: Кескін картада Пәкістан мен Үндістанның шекарасын белгілейді. Кейбіреуі: М.К.Ганди мен М.Джиннаның көзқарастарын салыстыра алады.
Тілдік мақсаттар:	Негізгі түсініктер мен жетекші ұғымдарды пайдалана отырып, тарихи тілмен 1914-1945 жылдардағы Үндістанның саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайын сипаттай алады. Терминдер: свараджи, свадеши, сатьяграха.
Күтілетін нәтиже:	-Мұсылмандар лигасы мен Үнді ұлттық конгресінің тәуелсіздік үшін күрестегі ұстанымын сипаттайды. -Қызыл сиямен Пәкістанның шекарасын, көк сиямен Үндістанның шекарасын белгілейді. - М.К.Ганди мен М.Джиннаның көзқарастарының 2 айырмашылығын, 1 ұқсастығын табады.
Бағалау критерийлері:	-Мұсылмандар лигасы мен Үнді ұлттық конгресінің тәуелсіздік үшін күрестегі ұстанымын сипаттайды. -Қызыл сиямен Пәкістанның шекарасын, көк сиямен Үндістанның шекарасын белгілейді. - М.К.Ганди мен М.Джиннаның көзқарастарының 2 айырмашылығын, 1 ұқсастығын табады.
Құндылықтарды дарыту:	Ұлттық бірлік бейбітшілік келісім
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Құқық негіздері, география
Бастапқы білім:	Ағылшындардың Үндістанды отарлауы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	Ұйымдастыру: Көтеріңкі көңіл күймен психологиялық ахуал туғызу Топқа бөлу: Әдісі: Оқушыларды топқа бөлу «Ханталапай әдісі». Түрлі түсті асықтарды ортаға лақтырып, топқа бөлу. Үй жұмысы: Тапсырма: 1-топ (нөлдіктер) кестеден сан таңдайды. 2. Мұғалім сол нөмірдегі сұрақты оқиды. 3. Жауап дұрыс болған жағдайда, 1-ші команда сол квадратқа крестик қояды. 4. Жауап дұрыс болмаған жағдайда, 2-ші команда (крестиктер) сұраққа жауап беруге және сол квадратқа крестик қоюға мүмкіндік алады. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 Сұрақтар: 1. Жапониядағы Милитаризация саясаты деген не? 2. «Күріш бүлігі» көтерілісін сипатта 3. Қай жылдары Жапонияда экономикалық дағдарыс болды? 4. Танака қай жылы билікке келді? 5. «Танака меморандумы» қашан пайда болды? 6. «Танака меморандумы» не үшін қабылданды? 7. Жапон милитаризмінің басқаншылық пиғылы 8. Танаканың Азияны жаулап алу жоспары 9. 20-30 жылдардағы Жапонияның әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі Қ.Б.: «Крестиктер – нөлдіктер» (өзара бағалау) Дескриптор: Өткен сабақты сұрақ-жауап арқылы еске түсіреді. Білімдерін бекітеді.	түрлі түсті қағаздар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20минут)	1 - тапсырма: топтық жұмыс Әдіс: «Ойлан-топтас-бөліс» 1-топ: Мәтіннен Үндістанның тәуелсіздік үшін күресі кезіндегі мемлекет пен діннің өзара қатынасын табу. II топ: Мәтінен ұлт-азаттық күрес барысындағы негізгі тұлғалар жайында ақпарат жинау. Қ. Б: «Пікір алмасу» (өзара бағалау) Дескриптор: Мәтін бойынша негізгі ойды түйіндейді, фактілер келтіреді. 2-тапсырма: М.К. Ганди мен М.Джиннаның тәуелсіздікке деген көзқарасын салыстыру. 2 айырмашылығын 1 ұқсастығын табады. Әдіс: «Венн диаграммасы» М.К.Ганди М.Джинна М.М 1-топ: Тәуелсіздікке қол жеткізу көзқарастарын салыстырады. 2-топ: Кескін қартамен жұмыс. Үндістан мен Пәкістанның шекарасын сызып көрсетеді. Қ.Б.: «Серпілген сауал» әдісі (өзара бағалау) Дескриптор: М.К.Ганди мен М.Джиннаның тәуелсіздікке күрес көзқарасын салыстыра алады. Үндістан мен Пәкістанның шекарасын кескін картадан сызып көрсете алады.	интербелсенді тақта
Сабақтың соңы (17 минут)	Қорытынды: Тапсырма: М.К.Ганди мен М.Джиннаның Үндістан тәуелсіздігі үшін жасаған жұмыстарын айту. Нәтижесін түсіндір. Әдіс: «Түйінді сәттер» әдісі (жүппен жұмыс) Қ.Б.: «Кері байланыс бутерброды» (өзара бағалау) Дескриптор: Тақырып бойынша негізгі ойды біледі, М.К.Ганди мен М.Джиннаның тәуелсіздік үшін жасаған еңбек жолын біледі. Рефлексия: «Аяқталмаған ой» әдісі -Осы сабақта мен -.....әлі де білгім келеді. -Осы сабақтан түйгенім..... Үй жұмысы: М.К.Ганди және М.Джиннаның тәуелсіздікке көзқарасының айырмашылығы бойынша қосымша мағлұмат іздеп, оқып келу.	маркер стикер
Рефлексия (3 минут)	• «Крестиктер – нөлдіктер» (өзара бағалау) • «Пікір алмасу» (өзара бағалау) • «Серпілген сауал» әдісі (өзара бағалау) • «Кері байланыс бутерброды» (өзара бағалау) • «Аяқталмаған ой» әдісі	тақта, стикер